

## Ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы № 34 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 6 ақпанда № 3 -8-146 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 15 қаңтардағы № 4 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк аудандық әкімдігінің 2013.01.15 № 4 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабының 5 тармақшасына және 20 бабына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі, нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көздері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. «Мәртөк аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі (Алматбаева Г.А) осы қаулының жүзеге асырылуын қ а м т а м а с ы з е т с і н .

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Б. Б. Күзембаеваға жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2012 жылғы 1 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таралады.

Аудан әкімі *М. Елеусізов*  
 Мәртөк ауданы әкімдігінің  
 2012 жылғы 27 қаңтардағы  
 № 34 қаулысына  
 қосымша

### **Қоғамдық жұмыстың түрлері мен көлемі, оларды қаржыландыру көздері және қоғамдық жұмыстар өткізілетін ұйымдардың тізімі**

			Ш а р т бойынша жұмыстардың көлемі, 1	Жоспар бойынша		Қаржыланды
				Жұмыс орынса	Қаралған	

Рет саны	Мекемелер атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері /жобалары/	адамға /болжам/ /теңге/	ны, адам	қаражат, мың теңге	ру кезде рі
1	2	3	4	5	6	7
1	Ауылдық округтер: Акқұдық Байнассай Құрмансай Мәртөк Тәңірберген Селолық округтер: Байторысай Қарашай Қаратоғай Қызылжар Жайсан Родников Хазірет Хлебодар	«Құрылыс бригадасы», «Жолдар», «Көркейту», «Туған өлке», «Санак», «Мейірбан медбике», «Эколог», «Суғабатушыны кұтқарушы», «Сарбаздар», «Іс шаралар өткізуге жәрдем», «Ауыл шаруашылығы жұмыстары», «Жады»	17439	184	9020	Жергілікті бюджет
2	«Мәртөк аудандық прокуратурасы» ММ	«Санак», «Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	17439	4	209	Жергілікті бюджет
3	«Мәртөк аудандық жұмыспен және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ	«Санак», «Кеңесші»	17439	6	314	Жергілікті бюджет
4	«Мәртөк ауданы қорғаныс істер бөлімі» ММ	«Санак»	17439	9	471	Жергілікті бюджет
5	«Мәртөк аудандық білім, дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ және аудан мектептері	«Санак», «Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	17439	4	209	Жергілікті бюджет
6	«Мәртөк ауданының жер-кадастр филиалы» МК	«Санак»	17439	2	104	Жергілікті бюджет
7	Мәртөк аудандық соты	«Санак», «Көркейту»	17439	8	419	Жергілікті бюджет
	«Мәртөк аудандық ішкі					

8	істер бөлімі» ММ	«Сарбаздар»	17439	3	157	Жергілікті бюджет
9	«Мәртөк орман шаруашылығы» ММ	«Тәлімбақ», «Көркейту»,	17439	35	1831	Жергілікті бюджет
10	«Мәртөк аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ «Мәртөк аудандық мәдениет үйі» МКҚК	«Іс шаралар өткізуге септесу», «Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	17439	10	523	Жергілікті бюджет
11	«Мәртөк ауданы әкімінің аппараты» ММ	«Санақ», «Көркейту», «Құрылыс бригадасы»	17439	8	419	Жергілікті бюджет
12	«Мәртөк ауданының әділет басқармасы» ММ	«Санақ», «Кеңесші»	17439	8	419	Жергілікті бюджет
13	РМҚК Ақтөбе облыстық филиалы Мәртөк аудандық ветеринариялық зертханасы.	«Ауыл шаруашылығы жұмыстары»	17439	4	209	Жергілікті бюджет
14	«Ақтөбе облысының сот актілерін орындау комитетінің» Мәртөк аумақтық бөлімі	«Санақ»	17439	4	209	Жергілікті бюджет
15	«Мәртөк аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ	«Санақ»	17439	2	104	Жергілікті бюджет
16	«Мәртөк ауданының мемлекеттік мұрағаты» ММ	«Санақ», «Жады»	17439	4	209	Жергілікті бюджет

						Жергі
17	Ақтөбе облысы бойынша жылжымайтын мүлік жөніндегі орталығы Мәртөк аудандық филиалы	РМҚК	«Санак»	17439	2	104

						лікті бюджет
18	Мәртөк жем шөп мемлекеттік сорт сынау бөлімшесі	«Санақ»	17439	3	157	Жергілікті бюджет
		<b>Барлығы</b>		<b>300</b>	<b>15087,0</b>	

## Қоғамдық жұмыстардың түрлері

### 1. «Құрылыс бригадасы»

Су, газ, кәріз құбырларын және басқа коммуникация жүйелерін төсеу және жөндеу, мектеп, балабақша, аурухана және басқада бюджеттік сала объектілерін жөндеу. Құрылыс аяқталмаған, жартылай қираған ғимараттарды қалпына келтіру мәселелерін шешу.

### 2. «Жолдар»

Жаңа жолдарды төсеу және қолданыстағы жолдарды және жол жиектерін, тротуарларды шөптен тазартуға, жөндеуге, жолға төселген материалдарды бекітуге, ұзақ жолға жүретін қоғамдық көліктің тұрағын көркейтуге көмек көрсету.

### 3. «Көркейту»

Аулаларды, гүлзарларды, парктерді, елді мекендерді көркейту. Екпе ағаштарды отырғызу және күту, гүлзарларды отырғызу, парктерді бөлу. Балаларға арналған ойын және спорт алаңдарын ұйымдастыру.

### 4. «Туған өлке»

Орман алқабын тазалау, бұлақтарды, құдықтарды тазарту, отын дайындау. Көпшіліктің шомылуына пайдаланатын өзендер мен су қоймаларының жағаларын қоршау.

### 5. «Ауыл шаруашылығы жұмыстары»

Ауыл шаруашылығы өнімдерін өсіруге және жинауға маусымдық көмек көрсету (көкөніс және бақша дақылдары). Қоғамдық тамақтандыру блогы бар әлеуметтік сала объектілері үшін мал бордақылау, малды жемдеу, жас малды өсіру, маусымдық, малдарды жемдеу үшін қысқа мерзімдік алаңдар дайындау. Малдарды идентификациялау.

### 6. «Тәлімбақ»

Ағаштардың көшеттерін өсіру, гүлдердің көшеттерін аумақтарды жасыл желектендіру және абаттандыру кезінде одан әрі пайдалану мақсатында өсіру.

### 7. «Санақ»

Республикалық, аймақтық науқандарды (түрлі санақтар, әскерге шақыру, зейнетақы және жәрдемақыларды қайта есептеуге көмектесу, халыққа қызмет көрсету орталығында көмек беру) ұйымдастыруға қатысу және салықтарды

**8. «Іс шаралар өткізуге жәрдем»**

Мәдени мақсаттағы іс- шараларды (спорттық жарыстар, халықтық мерекелер) ұйымдастыру кезінде көмек көрсету.

**9 . « Ж а д ы »**

Тарихи – сәулеттік ескерткіштерді, қорықтық аймақтарды қалпына келтіру, оларды күзету және күту. Молаларды, бауырластар зираттарын абаттандыру, т а з а л а у ж әне кү з е т у .

**10. «Кітапқа – екінші өмір»**

Оқушыларды қажетті мөлшерде оқулықтармен қамтамасыз ету. Аудандардағы мектептердің кітапханаларындағы, көпшілікке арналған кітапханалардағы кітап қорларын қалпына келтіру. Жоба шеңберінде кітаптардың жекелеген беттері мен мұқабаларын алмастырып, мұрағат құжаттарын қалпына келтіру.

**11. «Мейірбан медбике»** Денсаулық сақтау мекемелері мен үйде ауру және қ а р т а д а м д а р д ы кү т у .

**1 2 . « Т і г і н ш і »**

Ауруханаларда, мектептер мен мектеп – интернаттарда, бала бақшаларда, еңбекпен түзеу мекемелерінде, әлеуметтік көмек көрсету бөлімдерінде төсек-орын және киім –кешектерді қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу.

**1 3 . « Э к о л о г »**

Тұрмыстық, қатты-тұрмыстық қалдықтарды жою және жоюды ұйымдастыруға к ө м е к т е с у .

**1 4 . « К е ң е с ш і »**

Аз қамтылған азаматтарға әртүрлі құқықтық мәселелер бойынша ақысыз кеңес қызметтерін көрсету.

**1 5 . « С а р б а з д а р »**

Қоғамдық тәртіпті сақтау. Селоларда және елді мекендерде қоғамдық тәртібін сақтау бойынша көмек көрсету.

**16. «Суға батушыны құтқарушы»**

Суға батқандарды құтқару және Суға түсуге арналған арнайы орындарда балалардың және басқа адамдардың суға түсуін бақылау.

**Қоғамдық жұмыстардың нақты шарттары**

Жұмыс аптасы 5 күн, екі демалыс күндерін құрайды, 8 сағаттық жұмыс күні, түскі үзіліс 1 сағат. Еңбек ақысы еңбек табелінде көрсетілген нақты жұмыс уақытына байланысты жұмыссыздардың жеке есеп шотына аудару жолымен жүзеге асырылады. Еңбек және техника қауіпсіздігін сақтау бойынша нұсқаулық, арнайы киіммен, құрал-сайман және жабдықтармен қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК